

Ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпаратты қорғау жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеге өзгерістер енгізу

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 177 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 7 және 44 – тармақтарына сәйкес (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 1 қосымша), Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 5 – 7-тармақтарын іске асыру мақсатында (көрсетілген Шартқа тіркелген № 3- қосымша), Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2016 жылғы 2 маусымдағы № 53 шешімімен бекітілген ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпаратты қорғау жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеге қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 19 желтоқсандағы
№177 шешіміне
ҚОСЫМША

Ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпаратты қорғау жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 11-тармақтың "з" тармақшасы "төрағаның" деген сөзден кейін "және жауапты хатшының" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 14-тармақтағы "Комитет төрағасы" деген сөздер алып тасталсын.

3. 15-тармақтың "б" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдардың дайындалуына бақылауды жүзеге асырады;"

4. 19-тармақтағы ", Комиссия қызметкерлерінің" деген сөздер алып тасталсын.

5. 24-тармақта:

а) "Комитет төрағасы" деген сөздерден кейін "(Комитет төрағасының орынбасары)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) "уәкілетті органдардың және" деген сөздер алып тасталсын.

6. Бірінші тармақта 30:

а) бірінші абзацта "30. Комитет мүшелері қатысады" деген сөздер "Комитет мүшелері қатысады" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) екінші абзацтағы "өз пікірі" деген сөздер "ұстанымы" деген сөзбен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК